

Екінші облигациялық бағдарлама аясындағы облигациялардың төртінші шығарылымының проспектісі

**«Хоум Кредит энд Финанс Банк»
Акционерлік Қоғамы Еншілес Банкі**

("Банк Хоум Кредит" АҚ ЕБ)

Уәкілетті органның облигациялардың шығарылымын (облигациялық бағдарламасын, облигациялық бағдарламасы шеңберінде облигациялардың шығарылымын) мемлекеттік тіркеуі инвесторларға проспекте мазмұндалған облигацияларды сатып алуға қатысты қандай да бір ұсыныс болып табылмайды және осы құжаттағы ақпараттың шынайылығы үшін жауапкершілігін анықтамайды.

Эмитенттің лауазымды тұлғалары осы проспектегі ақпараттың шынайылығы үшін және онда көрсетілген барлық ақпараттың шынайы екендігін, инвесторларды эмитентке және оның облигацияларына қатысты алдамайтындығын растайды.

Эмитент акционерлік қоғамы ретінде № 13438 Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген 2016 жылғы 26 қаңтардағы № 26 "Қаржылық есептілік депозитарийінің, қор биржасының интернет-ресурстарында корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты, қаржылық есептілікті және аудиторлық есептерді, акционерлік қоғамдардың үлестес тұлғаларының тізімдерін, сондай-ақ жыл қорытындысы бойынша атқарушы органның мүшелері сыйақысының жиынтық мөлшері туралы ақпаратты орналастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысымен белгіленген тәртіппен және мерзімде бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалатын корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты, қоғамның жылдық қаржы есептілігін және аудиторлық есептерді, қоғамның үлестес тұлғалары тізімдерін, жылдың соңында атқарушы органының мүшелері сыйақысының жиынтық мөлшері туралы ақпаратты қаржылық есептілік депозитарийдің интернет-ресурсына орналастыруды ұсынады.

Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 102-бабының 2-тармағында қамтылған өзгерістер бағалы қағаздарды ұстаушылардың назарына Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анықталған қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында және бұқаралық ақпарат құралдарында пайда болған сәттен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күннің ішінде № 13438 Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген 2016 жылғы 26 қаңтардағы № 26 "Қаржылық есептілік депозитарийінің, қор биржасының интернет-ресурстарында корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты, қаржылық есептілікті және аудиторлық есептерді, акционерлік қоғамдардың үлестес

тұлғаларының тізімдерін, сондай-ақ жыл қорытындысы бойынша атқарушы органның мүшелері сыйақысының жиынтық мөлшері туралы ақпаратты орналастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысымен белгіленген тәртіпте жариялау арқылы жеткізіледі.

1. Облигациялардың осы шығарылымы «Хоум Кредит энд Финанс Банк» Акционерлік қоғамы Еншілес банкінің (бұдан әрі – Эмитент) екінші облигациялық бағдарламасы шығарылымының проспектісіне сәйкес жүзеге асырылады.

2. Эмитенттің облигациялық бағдарламасы туралы мәліметтер:

- 1) екінші облигациялық бағдарлама проспектісін мемлекеттік тіркеу күні мен номері: 2014 жылғы 30 қаңтар, Е65
- 2) оның аясында шығарылым жүзеге асырылатын екінші облигациялық бағдарламаның көлемі: 50 000 000 000 (елу миллиард) теңге.
- 3) облигациялық бағдарламаның аясындағы облигация шығарылымының реттік нөмірі:
екінші облигациялық бағдарлама аясындағы 4 (төртінші) облигациялар шығарылымы.
- 4) Екінші облигациялық бағдарламаның аясындағы облигациялардың алдыңғы шығарылымдары туралы мәліметтер (осы облигациялық бағдарлама аясындағы әрбір шығарылым бойынша жекелей):

Екінші облигациялық бағдарлама аясындағы облигациялардың екінші шығарылымының проспектісі

- шығарылымның уәкілетті органда мемлекеттік тіркелген күні: 2014 жылғы 30 қаңтар
- облигациялардың саны және түрі: 15 000 000 (он бес миллион) дана, қамтамасыз етусіз атаулы купондық облигациялар
- номиналды құны бойынша шығарылым көлемі: 15 000 000 000 (он бес миллиард) теңге
- шығарылымның орналастырылған облигацияларының саны: 6 768 502 (алты миллион жеті жүз алпыс сегіз мың бес жүз екі) дана.

Екінші облигациялық бағдарлама аясындағы облигациялардың екінші шығарылымының проспектісі

- шығарылымның уәкілетті органда мемлекеттік тіркелген күні: 2017 жылғы 28 сәуір
- облигациялардың саны және түрі: 10 000 000 (он миллион) дана, қамтамасыз етусіз атаулы купондық облигациялар
- номиналды құны бойынша шығарылым көлемі: 10 000 000 000 (он миллиард) теңге
- шығарылымның орналастырылған облигацияларының саны: 10 000 000 (он миллион) дана.

Екінші облигациялық бағдарлама аясындағы облигациялардың үшінші шығарылымының проспектісі

- шығарылымның уәкілетті органда мемлекеттік тіркелген күні: 2017 жылғы 29 тамыз
- облигациялардың саны және түрі: 8 000 000 (сегіз миллион) дана, қамтамасыз етілмеген атаулы купондық облигациялар
- номиналды құны бойынша шығарылым көлемі: 8 000 000 000 (сегіз миллиард) теңге
- шығарылымның орналастырылған облигацияларының саны: 8 000 000 (сегіз миллион) дана.

3. Эмитенттің екінші облигациялық бағдарламасы аясындағы облигациялардың төртінші шығарылымы туралы мәліметтер:

1.	Облигациялардың түрі:	Қамтамасыз етілмеген атаулы купондық облигациялар (бұдан әрі –Облигациялар).
2.	Бір облигацияның номиналды құны (егер бір облигацияның номиналды құны индекстелген шамада болса, онда бір облигацияның номиналды	1 000 (бір мың) теңге.

	құнын есептеу тәртібі қосымша көрсетіледі):	
3.	Облигациялардың саны:	17 000 000 (он жеті миллион) дана.
4.	Облигациялар шығарылымының жалпы көлемі:	17 000 000 000 (он жеті миллиард) теңге.
5.	Облигациялар бойынша сыйақы:	
	Облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі (егер облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі индекстелген шамада болса, онда облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесін есептеу тәртібі қосымша көрсетіледі):	Облигациялар бойынша сыйақылау мөлшері Облигациялардың барлық мерзімінде бекітілген болып табылады және Облигациялардың номиналды құнының 13% (он үш пайызын) құрайды.
	Облигациялар бойынша сыйақыны есептеу басталатын күн:	Облигациялар бойынша сыйақылар есептеу Облигацияның айналым мерзімінің басталу мерзімінен басталады.
	Облигациялар бойынша сыйақыны төлеу мерзімділігі және (немесе) сыйақыны төлеу күні:	Сыйақы төлеу, әр алты ай сайын, Облигациялардың барлық айналым мерзімінің ішіндегі Облигациялардың айналым мерзімі басталған уақыттан бастап, жылына 2 (екі) рет жүргізіледі. Облигациялар бойынша әр купондық кезең, не негізгі қарыз үшін және айналымның мерзімінің соңында оларды өтеу кезінде Облигациялар бойынша сыйақылар алуға, содан кейін осы төлемдер жүзеге асырылатын (Эмитент тіркеушісінің орналасқан уақыты бойынша) (бұдан әрі – Бекіту мерзімі), кезеңнің соңғы күнінің бас кезінде Облигацияларды ұстаушылардың тіркелім жүйесінде тіркелген тұлғаның құқығы бар.
	Облигациялар бойынша сыйақыны төлеу тәртібі мен шарттары, облигациялар бойынша сыйақыны алу әдісі:	Сыйақы төлеу ақшаны, Бекіту мерзімі ішінде, Бекіту мерзімінен кейінгі 15 (он бес) жұмысы күні ішінде Облигациялар ұстаушылардың тіркеліміне тіркелген, Облигация ұстаушылардың ағымдағы есепшотына ақша (теңге) аудару жолымен жүзеге асырылады. Төлем мерзіміндегі сыйақы, купондық сыйақының номиналды құны мен жарты жылдық мөлшерлемесін жүргізу ретінде есептеледі. Үтірден кейінгі белгілер саны мен дөңгелету тәсілі «Қазақстандық қор биржасы» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес анықталады. Сыйақының соңғы төлемі, Облигациялар бойынша негізгі қарызды төлемеумен бір мезгілде жүргізіледі. Барлық төлемдер (сыйақы мен негізгі қарыз сомасын төлеу), Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында қолма-қол ақшасыз жүзеге асырылады. Егер де Облигациялар ұстаушы Қазақстан Республикасының резиденті емес болып табылатын болса, Облигациялар бойынша сыйақылар төлеу Облигация ұстаушының Қазақстан Республикасы

		<p>аумағындағы банктік теңгедегі есепшотының болуы кезінде теңгемен жүргізіледі.</p> <p>Төлемді теңгені өзге валютаға айырбастау, Эмитенттің сәйкес төлем төлейтін кезге дейін Қазақстан Республикасының резиденті емес Облигацияны ұстаушыдан 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей, сәйкес жазбаша өтініш алған кезінде жүзеге асырылады. Көрсетілген айырбастау, төлем төлеу мерзімінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі бекіткен мерзімдегі бағам бойынша жүзеге асырылады. Теңгені өзге валютаға айырбастау, Қазақстан Республикасының резиденті емес Облигацияны ұстаушының есебінен жүргізіледі.</p> <p>Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын Облигацияларды ұстаушылар пайдасына төлеу бойынша жүзеге асырған кезде, теңгені өзге валютаға айырбастауға жол берілмейді.</p>
	Облигациялар бойынша сыйақыны есептеу үшін пайдаланылатын уақыт кезеңі:	Облигациялардың бүкіл айналымы кезінде облигациялар бойынша сыйақы төлемдері бір жылда 360 (үш жүз алпыс) күн, ал бір айда 30 (отыз) күн бар деген негізде есептеледі.
6.	Облигациялар бойынша номиналды құнының валютасы, негізгі қарыз және (немесе) есептелген сыйақы бойынша төлем валютасы:	Облигациялар бойынша номиналды құнының валютасы, негізгі қарыз және (немесе) есептелген сыйақы бойынша төлем валютасы Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы (теңге) болып табылады.
7.	Облигацияларды енгізудің басталған және аяқталған мерзімі:	Облигациялар айналымының басталған мерзімі Облигацияларды енгізудің басталған мерзімі болып табылады. Облигациялар айналымының аяқталған мерзімі Облигацияларды енгізудің аяқталған мерзімі болып табылады.
8.	Облигациялар айналымының басталған мерзімі және облигациялардың айналым мерзімі:	<p>Облигациялар айналымының басталған мерзімі «Қазақстандық қор биржасы» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес</p> <p>"Қазақстандық қор биржасы" АҚ-ның сауда жүйесінде алғашқы арнайы сауда – саттық операцияларды (бұдан әрі - Айналымның басталған мерзімі) жүргізу мерзімі болып саналады.</p> <p>Облигацияларды орнату бойынша жүргізілген алғашқы арнайы сауда-саттық операциялардың қорытындылары бойынша анықталған облигациялар айналымының басталған мерзімі туралы ақпарат "Қазақстандық қор биржасы" АҚ-ның ресми сайтында жарияланады.</p> <p>Облигациялардың айналым мерзімі Облигациялар айналымы мерзімі басталған уақыттан бастап 4 (төрт) жылды құрайды.</p>
9.	Облигациялар айналымы жоспарланған нарық (бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған нарығы):	Облигациялар айналымы бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарында жоспарланып отыр.

10.	Енгізілген облигацияларды төлеу тәсілі:	Облигациялар қолма-қол ақшасыз түрде төленеді. Облигацияларды "Қазақстандық қор биржасы" АҚ-ның сауда алаңындағы арнайы сауда-саттық операцияны жүргізу жолымен орналастыру кезінде төлем "Қазақстандық қор биржасы" АҚ-ның ішкі ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.
11.	Облигацияларды өтеу тәртібі:	
	Облигацияларды өтеу мерзімі:	Облигацияларды өтеу облигациялар айналымы басталған мерзімнен бастап 4 (төрт) жыл өткеннен кейін жүзеге асырылады.
	Облигацияларды өтеу шарттары:	<p>Облигациялар Бекіту мерзімінен кейінгі 15 (он бес) жұмыс күні ішінде, Бекіту мерзіміндегі жағдай бойынша Облигацияларды ұстаушылар тіркелімінде тіркелген, Облигациялар ұстаушылардың ағымдағы есепшотына ақша (теңгемен) аудару жолымен, соңғы купондық сыйақыны бір мезгілде төлеу арқылы Облигацияның номиналдық бағасы бойынша өтеледі.</p> <p>Егер де Облигациялар ұстаушы Қазақстан Республикасының резиденті емес болып табылатын болса, Облигациялар бойынша төлемдер Облигациялар ұстаушының Қазақстан Республикасы аумағындағы банктік теңгедегі есепшотының болуы кезінде теңгемен жүргізіледі.</p> <p>Төлемді теңгені өзге валютаға айырбастау, Эмитенттің сәйкес төлем төлейтін кезге дейін Қазақстан Республикасының резиденті емес Облигацияны ұстаушыдан 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей, сәйкес жазбаша өтініш алған кезінде жүзеге асырылады. Көрсетілген айырбастау, төлем төлеу мерзімінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі бекіткен мерзімдегі бағам бойынша жүзеге асырылады. Теңгені өзге валютаға айырбастау, Қазақстан Республикасының резиденті емес Облигацияны ұстаушының есебінен жүргізіледі.</p> <p>Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын Облигацияларды ұстаушылар пайдасына төлеу бойынша жүзеге асырған кезде, теңгені өзге валютаға айырбастауға жол берілмейді.</p>
	Облигацияларды өтеу тәсілі:	Негізгі қарыз сомасын өтеу және соңғы купондық сыйақыны төлеу, Облигация ұстаушылар тіркеліміне сәйкес ағымдағы есепшоттарына ақша аудару жолымен жүзеге асырылады.
12.	Егер эмитент органының шешімімен облигацияларды сатып алу құқығы (егер осы құқық эмитент органының облигациялар шығарылымы туралы шешімінде көзделген жағдайда) көзделген болса, онда осы құқықты іске асыру тәртібі, шарттары және мерзімдері көрсетіледі:	<p>Директорлар Кеңесінің шешімі бойынша Эмитент өзінің Облигацияларын ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарда, Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына сәйкес, олардың айналымының барлық мерзімі ішінде сатып алуға құқығы бар.</p> <p>Эмитенттің Облигацияларды сатып алуы, Облигация ұстаушылардың құқықтарын бұзуға әкелмеуі керек.</p> <p>Ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтардағы сатып алынған облигациялар өтелмеген болып есептеледі және Эмитент олардың айналыста</p>

болу кезеңінде бағалы қағаздар нарығында сатып алынған облигацияларды қайта сатуға құқылы.
Эмитент пен Облигацияларды ұстаушылардың облигацияларды сатып алу рәсімі.

Эмитенттің Директорлар кеңесі облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылданғаннан кейін Эмитент осы шешім қабылданған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Эмитенттің ресми сайтында (www.homecredit.kz), «Қазақстандық қор биржасы» АҚ ресми сайтында (www.kase.kz) және Қаржылық есептіліктің депозитариясының сайтында (www.dfo.kz) орналастыру жолымен Облигацияларды ұстаушыларына хабарланады.

Облигацияларды ұстаушылардың әрқайсысы облигацияларына тиесілі Эмитенттің мекен-жайы бойынша облигацияларды өтеу туралы жазбаша өтінішін Эмитенттің Директорлар кеңесі облигацияларды өтеу туралы шешімі жарияланған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде жіберуге құқылы.

Облигацияларды ұстаушысының өзіне тиесілі облигацияларды сатып алу туралы өтініші Эмитент оны алған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде қаралады.

Эмитенттің Облигацияларын сатып алу бағасы келесі тәсілдерімен есептеледі:

- ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығы бойынша мәміле жасасу кезінде «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның сауда алаңында мәміле жасалған күнгі нарықтық күнға негізделген;

- ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығы бойынша мәміле жасасу кезінде - мәміле тараптарының келісімі бойынша.

Облигацияларды өтеуді Эмитенттің Директорлар кеңесінің тиісті шешімі жарияланғаннан кейін 30 (отыз) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

Орналастырылған Облигациялар саны туралы ақпаратты (сатып алғанды шегере отырып) Эмитент «Қазақстандық қор биржасы» АҚ-ның ішкі құжаттарына сәйкес «Қазақстандық қор биржасы» АҚ-ға жариялайды.

Облигацияларын өтеу туралы жазбаша талаптарын ұсынбаған Облигацияларды ұстаушылардың облигациялары осы Проспектте көзделген тәртіппен Облигациялар айналымы аяқталғаннан кейін өтеледі.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі №461-ІІ «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Заңының 18-4 бабында көзделген жағдайларда Эмитент орналастырған облигацияларды сатып алу тәртібі

«Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі № 461-ІІ Заңының 18-4-бабында көзделген негіздер пайда болған кезде Эмитент орналастырылған облигацияларды сатып алуға міндетті.

"Бағалы қағаздар нарығы туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі №461-ІІ Заңының 18-4-бабында көрсетілген оқиғалардың бірі пайда болған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күннің ішінде, Эмитент мұндай факті туралы, келесі ақпаратты қоса алғанда, Облигация ұстаушыларына және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиісті хабарлама жіберу арқылы, сондай-ақ хабарламаны Эмитенттің (www.homecredit.kz), «Қазақстандық қор биржасы» АҚ (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитариясының (www.dfo.kz) ресми сайттарында орналастыру арқылы хабарлайды: (i) Эмитенттің облигацияларын сатып алуға әкелетін көрсетілген оқиғалардың қайсысы орын алғаны туралы ақпаратты; (ii) Облигация ұстаушыларының Эмитентке қойылатын талаптармен қатар, айналым тәртібі мен мерзімдерін, өз талаптарын қанағаттандыру үшін орындалатын шаралар тізімін; (iii) Эмитенттің шешімі бойынша өзге де ақпаратты.

"Бағалы қағаздар нарығы туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі №461-ІІ Заңының 18-4-бабында көрсетілген оқиғалар орын алған жағдайда, Облигацияларды ұстаушылардың кез келгені тиісті хабарлама бірінші жарияланған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Эмитентке (Эмитенттің мекен-жайы бойынша) облигацияларды сатып алу туралы жазбаша талап ұсыну арқылы өзіне тиесілі облигацияларды сатып алуды талап етуге құқылы.

Осындай талаптардың бірін алғаннан кейін Эмитент сатып алу күнін анықтайды, ол осындай талапты алған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күнінен кешіктірмей болуы тиіс және Облигацияларды ұстаушылардың облигацияларын алдағы сатып алу мерзімі туралы хабарламаны талапты алған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде Эмитенттің (www.homecredit.kz), "Қазақстандық қор биржасы" АҚ (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитариясының (www.dfo.kz) ресми сайттарында жариялайды.

Эмитент облигацияларын келесі бағалардың ең жоғары деңгейінде өтеу өткізеді:

– жинақталған сыйақыны ескере отырып, облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін баға бойынша;

– облигациялардың әділ нарықтық бағасы бойынша.

Ұстаушылар өздеріне тиесілі облигацияларды сатып алу туралы жазбаша талаптар ұсынбаған жағдайда, облигациялар осы Проспектіде көзделген тәртіпте облигациялардың айналым мерзімі өткеннен кейін өтеледі.

Эмитент орналастырылған (сатып алынған облигацияларды қоспағанда) облигациялар туралы ақпаратты «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның ішкі құжаттарына сәйкес «Қазақстан қор биржасы» АҚ-на жариялайды.

		Эмитенттің облигациялар шығарылымын мерзімінен бұрын өтеу құқығы. Эмитенттің облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу құқығы қарастырылмаған.
13.	Облигациялар бойынша қамтамасыз ету (ипотекалық және өзге де қамтамасыз етілген облигацияларды шығару кезінде):	Облигациялардың осы шығарылымы қамтамасыз етілмеген.
14.	Концессия шартының және инфрақұрылымдық облигацияларды шығарған кезде мемлекеттің кепілгерлікті ұсыну туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысының деректемелері:	Эмитенттің Облигациялар шығарылымына қатысты қолданылмайды.

4. Төлемі Эмитент бұрын шығарған, айналым мерзімі аяқталған облигациялар бойынша талап ету құқығымен жүргізілетін облигацияларды шығару кезінде осы облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні мен нөмірі, олардың түрі мен саны, сондай-ақ облигациялар шығарылымының көлемі, облигациялар бойынша жинақталған және төленбеген сыйақы сомасы қосымша көрсетіледі.

Облигациялардың бұл шығарылымына қатысты қолданылмайды.

5. Айырбасталатын облигацияларын шығарған кезде қосымша келесі мәліметтер көрсетіледі:

1) облигациялар айырбасталатын акциялардың түрі, саны және орналастыру бағасы, осындай акциялар бойынша құқықтар;

2) облигацияларды айырбастау тәртібі мен шарттары (егер облигациялар шығарылымы толық айырбасталатын болса, онда айырбастау аяқталу күнінен кейін бір ай ішінде облигациялар шығарылымының күші жойылады, егер облигациялар шығарылымы толық айырбасталмаса, онда осы шығарылымның сатып алынған облигациялары бұдан әрі орналастырылмайды және айналым мерзімінің соңында өтеледі).

Облигациялардың осы шығарылымы айырбасталатын болып табылмайды.

6. Облигациялар ұстаушыларының өкілі туралы мәліметтер:

"Бағалы қағаздар нарығы туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі № 461 Заңының редакциясына енгізілген өзгерістерге сәйкес, облигацияларды ұстаушылардың өкілі қамтамасыз етілген, инфрақұрылымдық немесе ипотекалық облигацияларды шығару, орналастыру, айналымға жіберу және өтеу кезінде облигацияларды ұстаушылардың мүдделерін қорғауды жүзеге асырады. Осы шығарылым бойынша облигацияларды ұстаушылардың өкілінің қызмет көрсетуі туралы шарт жасалмады.

7. Төлем агенті (болған жағдайда) туралы мәліметтер:

1) төлем агентінің толық және қысқартылған атауы;

2) төлем агентінің орналасқан жері, байланыс телефондары;

3) эмитенттің төлем агентімен жасалған шартының күні мен нөмірі

Эмитент сыйақыны төлеуді және Облигацияларды өтеуді жеке өзі төлем агентінің қызметтерін пайдаланбастан жүзеге асырады.

8. «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі Заңына сәйкес эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздарды қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтерді көрсету жөніндегі шартты жасасу міндеті қарастырылған жағдайда, осы тармақта келесі көрсетіледі:

"Бағалы қағаздар нарығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 89-бабы 1-тармағының 1-2-тармақшасына сәйкес Эмитент қаржы ұйымы бола отырып, эмиссиялық бағалы қағаздарды қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсету жөнінде шарт жасасуға міндетті емес. Қор биржасының ресми тізіміне эмиссиялық бағалы қағаздарды енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша қаржы кеңесшісінің сараптамасын пайдалану мақсатында Эмитент "Банк ЦентрКредит" АҚ еншілес ұйымы – "BCC INVEST" Акционерлік Қоғамымен тиісті шарт жасасу туралы шешім қабылдады.

- 1) Облигацияларды қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болу мәселелері бойынша консультациялық қызмет көрсететін тұлғаның толық атауы: "BCC INVEST" Акционерлік Қоғамы - "Банк ЦентрКредит" АҚ еншілес ұйымы. Облигацияларды қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болу мәселелері бойынша консультациялық қызмет көрсететін тұлғаның қысқартылған атауы: «BCC INVEST» АҚ.
- 2) Облигацияларды қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болу мәселелері бойынша консультациялық қызмет көрсететін тұлғаның орналасқан жері, байланыс телефондары: 050000, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Панфилов к-сі, 98, тел.: +7 (727) 244 32 32.

Облигацияларды қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болу мәселелері бойынша консультациялық қызмет көрсететін тұлға мен Эмитент арасындағы шарттың күні мен нөмірі: 2018 жылғы 23 қазандағы №5109/26-10-2018/FK231018/1 Қаржы кеңесшісі қызметі туралы шарт.

Облигацияларды орналастыруға қатысатын ұйымдар туралы мәліметтер.

Облигацияларды орналастыруды Эмитент дербес және (немесе) қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес осы қызметпен айналысуға тиісті өкілеттіктері бар андеррайтерлерді тарту жолымен жүзеге асыратын болады.

9. Облигация арқылы облигация ұстаушыларына берілетін құқықтар:

- 1) облигациялар шығарылымының проспектісінде көзделген мерзімде эмитенттен облигацияның номиналды құнын алу не өзге де мүлктік баламасын алу құқығы, сондай-ақ облигацияның номиналды құнының ол бойынша тіркелген пайызын алу құқығы не облигациялар шығарылымының проспектісінде белгіленген өзге де мүлктік құқықтар;
- 2) осы құқықты жүзеге асыру шарттарын, тәртібі мен мерзімдерін көрсете отырып, оның ішінде облигациялар шығарылымының проспектісінде көзделген шектеулер (ковенанттар) бұзылған жағдайда Эмитенттің облигацияларды сатып алуын талап ету құқығы;
- 3) егер сыйақыны және (немесе) негізгі қарызды төлеу облигацияларды шығару проспектісіне сәйкес өзге де мүлктік құқықтарға, осы құқықтардың сипаттамасына, олардың сақталу тәсілдеріне, бағалау тәртібіне және көрсетілген құқықтарды бағалауды жүзеге асыруға құқылы тұлғаларға, сондай-ақ осы құқықтардың көшуін іске асыру тәртібіне сәйкес жүргізілсе;

Облигацияларды ұстаушылар:

- Облигациялар шығарылым проспектісінде көзделген мерзімде эмитенттен облигацияның номиналды құнын алуға, сондай-ақ проспектіде белгіленген мерзімде ол бойынша белгіленген облигацияның номиналды құнының пайызын алуға; Қазақстан Республикасының қайталама нарығында облигацияларды кедергісіз сатуға және сатып алуға;
- Эмитенттің ішкі корпоративтік ережелерімен және "Қазақстандық қор биржасы" АҚ талаптарымен қарастырылған тәртіпте Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес эмитенттің қызметі және оның қаржылық жағдайы туралы ақпарат алуға;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен облигациялар бойынша өз талаптарын қанағаттандыруға;
- Эмитенттің облигациялар бойынша сыйақы және/немесе негізгі қарыздың номиналды құнын төлеу бойынша міндеттемелерін орындамаған әрбір күні үшін өсімақы түрінде

тұрақсыздық айыбын төлеуді талап етуге құқылы. Бұл ретте эмитенттің облигациялар бойынша сыйақы және/немесе негізгі қарызды төлеу жөніндегі міндеттемелерін орындамаған әрбір күні үшін өсімақы түріндегі тұрақсыздық айыбы міндеттемелерін немесе оның тиісті бөлігін орындау күні қолданыста болған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесін негізге ала отырып (яғни төлем жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінен кейінгі күнге) есептеледі;

- Қазақстан Республикасы заңнамасында және «Қазақстандық қор биржасы» АҚ талаптарында көзделген тәртіпте ақпаратты жариялауға қосымша ҚЕХЖ (IFRS) сәйкес әзірленген және мұндай қаржы жылы үшін аудиторлық есептермен расталған оның қаржылық жағдайы туралы Эмитенттің қаржылық есептілігінің көшірмелерін алуға жазбаша сұрау бойынша келесі мекенжайға жіберу арқылы алуға құқылы: "Банк Хоум Кредит" АҚ ЕБ, Қазақстан Республикасы, 050059, Алматы қ., Нұрсұлтан Назарбаев даңғ., 248,

Ақпарат эмитенттің ішкі корпоративтік құжаттарына және Қазақстанның қолданыстағы заңнамасына сәйкес ұсынылады.

- Эмитент "Бағалы қағаздар нарығы туралы" 2003 жылғы 2 шілдедегі №461-II Қазақстан Республикасы Заңының 18-4-бабында көзделген талаптарды бұзған жағдайда, эмитенттің өздеріне тиесілі облигацияларды сатып алуын талап етуге құқылы.
- Осы проспектіде белгіленген жағдайларда барлық облигацияларды сатып алуға мәлімдеу құқығы бар.
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен облигацияларға құқықтан туындайтын өзге де құқықтарды жүзеге асырады.

Облигацияларды ұстаушылардың облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуді талап ету құқығы қарастырылмаған.

Эмитенттің облигация ұстаушыларын ақпараттың мазмұнын, мұндай ақпаратты ашу тәртібін, мерзімдерін және тәсілін көрсете отырып, өзінің қызметі мен қаржылық жағдайы туралы хабардар ету тәртібі.

Эмитенттің қызметі және қаржылық жағдайы туралы ақпарат, оның ішінде ХКЕС сәйкес жасалған эмитенттің қаржылық есептілігі бойынша аудиторлық есептер Эмитенттің (www.homecredit.kz) және "Қазақстандық қор биржасы" АҚ (www.kase.kz) ресми сайттарында, "Қазақстандық қор биржасы" АҚ ішкі құжаттарында және қаржылық есептілік депозитарийінің ресми сайтында (www.dfo.kz) орналастырылады және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мерзімдер мен тәртіпке сәйкес жаңартылады.

10. Эмитенттің облигациялары бойынша дефолтты жариялау ықтималдығы бар орын алуы мүмкін оқиғалар туралы мәліметтер:

1) эмитенттің облигациялары бойынша дефолтты жариялау ықтималдығы бар орын алуы мүмкін оқиғалардың тізімі;

2) эмитент облигациялар бойынша дефолт орын алған жағдайда, қабылдайтын шаралары, оның ішінде облигация ұстаушыларының құқықтарын облигациялар бойынша сыйақыны төлеу бойынша міндеттемелер орындалмаған немесе тиісті түрде орындалмаған жағдайдағы қорғау рәсімдері, оның ішінде міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен шарттары;

3) Эмитент облигациялар ұстаушыларға мәлімет үшін орындалмаған міндеттемелердің көлемін, міндеттемелерді орындамау себебін, сондай-ақ облигациялар ұстаушылардың өзінің талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал іс-әрекеттерін, оның ішінде эмитентке, эмитенттің облигациялар бойынша орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайдағы эмитенттің міндеттемелері бойынша бірлескен немесе қосымша жауапкершілікті көтеретін тұлғаларға талап қою тәртібін қамтыған дефолт фактілері туралы ақпаратты жеткізу тәртібінің, мерзімінің және тәсілдерінің толық сипаттамасы;

4) Эмитенттің облигациялар бойынша орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда міндеттемелері бойынша ортақ немесе қосымша жауапкершілікте болатын тұлғалармен жасалған шарттың күні мен нөмірі, сондай-ақ заңды тұлғаның мемлекеттік

тіркеу күні мен нөмірі, сонымен бірге заңды тұлғаны (мұндай тұлғалар болған жағдайда) мемлекеттік тіркеу күні мен нөмірі.

1) Дефолт – Эмитенттің Облигациялар бойынша міндеттемелерін орындамауы.

Эмитенттің облигациялары бойынша дефолтқа жол берілетін оқиға - осы Проспектте көзделген негізгі және (немесе) купондық сыйақы төлемдерінің мерзімі аяқталғаннан кейін Облигациялар бойынша негізгі соманы және/немесе купондық сыйақыны төлеу бойынша эмитенттің міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамау.

Облигациялар бойынша дефолтқа Облигацияларды шығарудың осы Проспектісінде белгіленген мерзімде Эмитенттің Облигациялардың номиналды құнын және (немесе) сыйақысын толық төлемеуі немесе төлемеуі егер мұндай төлемеу немесе толығымен төлемеу Эмитентке Облигациялар ұстаушыларының банктік шотының дұрыс емес немесе толық емес деректемелерінің берілуі салдарынан Эмитентке сыйақыны және (немесе) номиналды құнын төлеуді жүзеге асыруды мүмкін етпеу немесе «Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» АҚ Эмитентке заңнамада және онымен жасалынған шартта белгіленген мерзімде облигациялар ұстаушылары тізілімін ұсынбауы себебінен болуы жатпайды.

Эмитент егер осы Проспект бойынша өз міндеттемелерін орындамауы немесе толығымен орындамауы еңсерілмес жағдайлар салдарынан болған жағдайда, мұндай орындамау үшін жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмес күш жағдайларына алдын алу немесе болжау мүмкін болмаған жағдайлар жатады (оның ішінде, бірақ шектелместен табиғи апаттар, әскери іс-әрекеттер, уәкілетті органдардың тыйым салу немесе шектеу сипатындағы актілері) . Еңсерілмес күш жағдайлары орын алған кезде Эмитенттің өз міндеттемелерін орындау мерзімі мұндай жағдайлар мен олардың салдарлары әрекет ететін уақыт кезеңіне шамаластыра отырып кейінге қалдырылады.

2) Дефолт басталған жағдайда Эмитент облигацияларды ұстаушылардың пайдасына ақша міндеттемесін немесе оның тиісті бөлігін орындау күніне (яғни төлем жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінен кейінгі күнге) қолданыстағы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру ресми ставкасын негізге ала отырып есептелетін әрбір мерзімі өткен күн үшін өсімақы есептеуге және төлеуге міндетті.

Дефолт орын алған жағдайда, Эмитент Дефолт орын алған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Дефолтқа алып келген себептерді жою (бұдан әрі – Кейінге қалдыру кезеңі), сонымен қатар Дефолтты жою бойынша барлық мүмкін іс-шараларды қабылдауға міндетті. Дефолт орын алған жағдайда Облигациялар ұстаушыларының құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында Дефолтты тудырған себептерді жою бойынша іс-шаралар жоспары Эмитенттің тиісті органымен әзірленеді және бекітіледі. Осы іс-шаралар жоспары оны расталған күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Облигациялар ұстаушылардың назарына Эмитенттің (www.homecredit.kz), «Қазақстан қор биржасы» АҚ (www.kase.kz) және «Қаржылық есептілік депозитарий» АҚ-ның (www.dfo.kz) ресми сайттарында жариялау арқылы ұсынылады.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Эмитенттің қайта құрылымдауы Эмитенттің міндеттемелер бойынша жеке кредиторларының талаптарын орындау қабілетінің болмауына байланысты Эмитентте жеткілікті ақшаның болмауына немесе қаражаттың болмауына байланысты оларды орындау күнінен бастап күнтізбелік 7 (жеті) күннен аспайтын мерзімдерде жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл ретте Эмитенттің қайта құрылымдауы Эмитенттің қаржылық жағдайын сауықтыру және жұмыс сапасын жақсарту мақсатында Эмитенттің қайта құрылымдау жоспарының (бұдан әрі – Қайта құрылымдау жоспары) негізінде Эмитент жүзеге асыратын әкімшілік, заңды, қаржылық, ұйымдастырушылық-техникалық және басқа іс-шараларының кешені жатады.

Қайта құрылымдауға негіздеменің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес туындаған сәтінен бастап Эмитент Директорлар кеңесінің отырысын өткізуге құқылы, бұл ретте Эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдау туралы шешім қабылданады. Қайта құрылымдау жоспарын мақұлдауды алу үшін қайта құрылымдауды талап ететін міндеттемелерін Эмитенттің кредиторлар алдындағы міндеттемелер көлемінің кемінде үштен екі үлесін құрайтын кредиторлардың келісімі талап етіледі.

3) Дефолт орын алған жағдайда, Эмитент осы проспектіде белгіленген мерзімде облигациялар бойынша купондық сыйақы және (немесе) негізгі борыш Эмитенттің кінәсінен төленбеген немесе толық төленбеген күнге дейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде бұл туралы Эмитенттің (www.homecredit.kz), "Қазақстандық қор биржасы" АҚ (www.kase.kz) және "Қаржылық есептілік депозитарий" АҚ (www.dfo.kz) ресми сайттарында хабарлама жариялау арқылы облигация ұстаушыларына хабарлайды. Мұндай хабарламада келесі ақпарат болуы тиіс: (i) дефолт фактісі туралы ақпарат; (ii) Дефолттың пайда болу күнінде Эмитенттің орындалмаған міндеттемелерінің көлемі; (iii) Дефолттың орын алуына алып келген міндеттемелерді орындамау себептері; (iv) Облигация ұстаушыларының өз талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал әрекеттерінің тізімі, оның ішінде Эмитентке талаптарды қою тәртібі мен мерзімі; (v) Эмитенттің Облигациялар бойынша міндеттемелерін орындамауы немесе тиісті түрде орындамауы кезінде қабылдаған іс-шаралары; (vi) Эмитенттің шешімі бойынша өзге ақпарат.

Егер Эмитент қабылдаған тиісті іс-шаралар Дефолтты жоймаса, Кейінге қалдыру кезеңі ішінде және егер Облигациялар ұстаушылары мен Эмитент арасында өзге келісілмесе, Облигациялар ұстаушылары және айналым мерзімі өткеннен кейін облигациялар бойынша талап ету құқықтарын иеленетін тұлғалар Кейінге қалдыру кезеңінің соңғы күнінен кейінгі келесі күннен бастап есептелінетін 5 (бес) жұмыс күні ішінде өздеріне тиесілі Облигацияларды олардың тиісті номиналды құны бойынша жиналған купондық сыйақыны ескере отырып, Облигацияларды сатып алу немесе олардың айналыс мерзімі өткен жағдайда Облигациялар талаптар бойынша құқықтары туралы тиісті жазбаша талапты ұсыну арқылы талап етуге құқылы.

Осындай талаптардың бірін алғаннан кейін Эмитент сатып алу күнін анықтайды, ол осындай талапты алған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күнінен кешіктірмей болуы тиіс және Облигацияларды ұстаушылардың облигацияларын және облигациялар бойынша талап ету құқықтарын алдағы сатып алу мерзімі туралы талапты алған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде хабарламаны Эмитенттің (www.homecredit.kz), "Қазақстандық қор биржасы" АҚ (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитариясының (www.dfo.kz) ресми сайттарында жариялайды. Эмитент облигацияларды ұстаушылардың талап етуі бойынша облигацияларды немесе облигациялар бойынша талап ету құқықтарын олардың айналыс мерзімі аяқталған жағдайда, жинақталған сыйақыны ескере отырып, облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін баға бойынша сатып алуға міндетті.

Облигациялар бойынша Эмитенттің міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда, Эмитентті міндеттемелер бойынша бірлескен немесе қосымша жауапкершілігі бар тұлғалар – жоқ.

11. Эмитент қабылдайтын және «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі Заңында қарастырылмаған шектеулер (ковенанттар) (егер бұл облигацияларды шығару кезінде эмитент органының шешімінде қарастырылса). Эмитенттің және облигациялар ұстаушысының шектеулерді (ковенанттарды) бұзған кездегі әрекеттерінің тәртібі.

Осы шығарым проспектінде бекітілген Облигациялардың айналым мерзімі ішінде Эмитент келесі шарттарды сақтауға міндетті:

- 1) Облигациялар Эмитенті мен «Қазақстандық қор биржасы» АҚ арасында жасалынған листингтік шартпен бекітілген жылдық және аралық қаржылық есептілігін ұсыну мерзімдерін бұзуды болдырмау.
- 2) Эмитент пен «Қазақстандық қор биржасы» АҚ арасында жасалынған листингтік шартпен бекітілген Облигациялар Эмитентінің жылдық қаржылық есептілігі бойынша аудиторлық есептерді ұсыну мерзімін бұзуды болдырмау.

«Бағалы қағаздар нарығы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңында көзделмеген сондай-ақ Эмитенттің қабылдаған шектеулерді (ковенантты) кез келгенін бұзу туралы барлық облигациялар ұстаушысына бұзушылық жасалған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Эмитенттің (www.homecredit.kz), «Қазақстан қор биржасы» АҚ (www.kase.kz) және «Қаржылық есептілік депозитарий» АҚ-ның (www.dfo.kz) ресми

сайттарында хабарламаны Қазақстан Республикасы заңнамасында және «Қазақстандық қор биржасы» АҚ-ның ішкі талаптарында белгіленген тәртіпте жариялау арқылы хабарлайды.

Көрсетілген шектеулерді (ковенантты) бұзған жағдайда, Облигациялар ұстаушыларының құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында Эмитент осы бұзушылықтан кемінде 5 (бес) жұмыс күннен бастап шектеулерді (ковенанттарды) бұзу оқиғасын тудырған себептерді және шектеулерді (ковенанттарды) бұзу оқиғасын жою бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлейді, ал Эмитенттің уәкілетті органы бұл жоспарын бекітеді. Осы іс-шаралар жоспары 5 (бес) жұмыс күннің ішінде Облигациялар ұстаушылардың назарына Эмитенттің (www.homecredit.kz), «Қазақстан қор биржасы» АҚ (www.kase.kz) және «Қаржылық есептілік депозитарий» АҚ-ның (www.dfo.kz) ресми сайттарында жариялау арқылы ұсынылады. Осы шектеулерді (ковенанттарды) бұзған жағдайда Эмитент осы Проспекттің 10 шартына сәйкес Облигацияларды сатып алуды жүзеге асырады.

12. Опционды жасасу шарттарын көрсете отырып, опциондар туралы ақпарат – егер опциондар эмитенттің облигацияларын сатып алуға мүмкіндік берсе.

Опциондар қарастырылмаған.

13. Сыйақыларды төлеуге және негізгі қарыз сомасын өтеуге қажетті эмитенттің ақшалай қаражатының көздері мен ағындарының облигацияларды өтеу сәтіне дейін сыйақыларды төлеудің әрбір кезеңі бойынша жорамалы.

Сыйақыларды төлеуге және негізгі қарыз сомасын өтеуге қажетті эмитенттің ақшалай қаражатының көздері мен ағындарының облигацияларды өтеу сәтіне дейін сыйақыларды төлеудің әрбір кезеңі бойынша жорамалы осы Проспекттің 1-қосымшасында келтірілген.

14. Облигацияларды орналастырудан түскен ақшаны пайдалану:

1) эмитент облигацияларды орналастырудан алатын ақшаны пайдаланудың мақсаттары мен тәртібі;

2) осындай өзгерістерді көрсете отырып алынған ақшаны бөлулерді жоспарлау кезіндегі болуы мүмкін өзгерістер пайда болған кездегі талаптар;

3) инфрақұрылымдық облигациялары шығарылған кезде жасалған шарттың талаптарына сәйкес облигацияларды ұстаушылар өкілінің қызметін төлеумен байланысты шығыстар көрсетіледі.

Облигацияларды шығару мен орналастырудан түскен таза ақшалай қаражатты Эмитент кредит қызметін қаржыландыру үшін пайдаланатын болады.

Облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны жоспарлы бөлуде көрсетілген мақсаттар өзгерген жағдайда, эмитент облигациялар шығарылымының проспектісіне өзгерістер мен толықтырулар енгізетін болады.

Облигациялардың бұл шығарылымы инфрақұрылымдық болып табылмайды.

15. Жобалық қаржыландыру барысында арнайы қаржы компаниясының облигацияларын шығарған кезде келесілер қосымша көрсетіледі:

1) ақшалай талаптардың сипаттамасы, бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша ақша түсуінің шарттары мен болжамды мерзімдері;

2) арнайы қаржы компаниясы облигацияларды орналастыру нәтижесінде алған ақшаның нысаналы мақсаты;

3) базалық шарт бойынша құрылған және (немесе) берілген мүлікке меншік иесінің ауысуы туралы, кредиторлардың өкілдерін арнайы қаржы компаниясының органдарына енгізу және олардың өкілеттіктері туралы облигацияларды ұстаушыларға ақпарат беру тәртібі;

4) арнайы қаржы компаниясының бөлінген активтер есебінен жүзеге асырылатын активтерді жобалық қаржыландыру және инвестициялық басқару мәмілелеріне қызмет көрсетуге байланысты шығыстарының тізімі.

Эмитент арнайы қаржы компаниясы болып табылмайды.

16. Секьюритизация кезінде арнайы қаржы компаниясының облигациялары шығарылған кезде қосымша:
- 1) тиісті шарттардың нөмірлері мен жасалған күндерін көрсете отырып, оригиналатордың, кастодиан-банктің, басқарушы агенттің және басқаға берілген талап ету құқықтары бойынша төлемдерді жинайтын тұлғаның атауы мен орналасқан жері;
 - 2) секьюритизация мәмілесінде оригиналатор қызметінің тақырыбы, құқықтары мен міндеттері;
 - 3) талап ету құқықтарының сипаттамасы, бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша ақша түсімінің шарттары, тәртібі мен мерзімі және олардың орындалуына бақылау жасау тәртібі;
 - 4) бөлінген активтер бойынша уақытша еркін түсімдерді инвестициялау тәртібі;
 - 5) секьюритизация мәмілесі бойынша қызметтерді төлеумен байланысты шығындар және арнайы қаржы компаниясы аталған шығындарды бөлінген активтерден алуға құқылы;
